

Қағаздың және картонның кейбір түрлерінің импортына қатысты істі қарауды бастау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 шілдедегі N 721 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу комитеті:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импортына қатысты істі қарауды бастасын;

2) істі қарау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне істі қараудың басталғандығы туралы хабарласын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 31 шілдедегі

N 721 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, оларға қатысты істі қарау рәсімі басталатын тауарлардың тізбесі

Өнімнің атауы	СЭҚ ТН бойынша коды
Жартылай целлюлозадан жасалған гофрлеуге арналған қағаз	4805110000
	4805199000

Одан әрі өңделмеген немесе аталған топқа 3 ескертуде көрсетілгендей өңделген орамдардағы немесе парақтардағы борланбаған, өзге де қағаз	
Массасы 1 шаршы м. 150 г. немесе тест-лайнер (гофрленген картонның тегіс қабатына арналған регенерленген картон)	4805240000
Массасы 1 шаршы м. 150 г. артық тест-лайнер (гофрленген картонның тегіс қабатына арналған регенерленген картон)	4805250000
Орамдардағы немесе парақтардағы массасы 1 шаршы м. 150 г. немесе аз гофрленген қағазға немесе картонға арналған борланбаған қағаз және картон	4805919100
Орамдардағы немесе парақтардағы 1 шаршы м. 150 г. немесе аз боланбаған өзге де қағаз немесе картон	4805919900
Гофрленген, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған қағаз және картон	4808100000
Гофрленген қағаздан немесе картоннан жасалған жәшіктер мен қораптар	4819100000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК